

Біз Қазақстандағы клиенттерімізге таза және жоғары сапалы эфир майларын, сондай-ақ денсаулықты қолдайтын басқа да өнімдерді ұсыну мүмкіндігі пайда болғанына қуаныштымыз. Біздің жаңа нарықтарды дамыту командамыз бен басқа да корпоративтік бөлімдеріміз біз қажетті талаптарға сәйкес және dōTERRA негізгі бизнес моделіндегі ең аз өзгерістермен жұмысты бастау үшін жұмыс істеуде. Осы құжатта нарық ашылғаннан кейінгі жоспарлар туралы жалпы ақпарат, сондай-ақ компанияның Қазақстандағы қызметінің басталуына қатысты жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар берілген.

Жаңа нарықты ашу мақсаттары

Біз жергілікті реттеулерге байланысты қажетті өзгерістерге қарамастан, dōTERRA бар барлық нарықтарда компания, өнімдер, бизнес және мәдениет стандарттарының сәйкестігін қамтамасыз етуге тырысамыз.

Біздің мақсаттарымыз

- Қазақстанда dōTERRA сертификатталған өнімдерін ұсыну;
- қолданыстағы Құрылымдардың генеалогиялық тұтастығын сақтай отырып, жаһандық қол жеткізу елдерінің (GAC) қолданыстағы аккаунттарын Қазақстан аккаунттарына ауыстыру;
- Қазақстанда жаңа Велнес Консультанттары мен Артықшылықты Сатып алушыларды тартуды бастау;
- тапсырыстарды бүкіл ел бойынша Алматыдағы қоймадан жеткізуді жүзеге асыру;
- қазақстандық теңгеде (KZT) комиссиялық сыйақы төлеу;
- өнімдер бойынша тренингтер, ақпарат алмасу және бизнесті дамыту үшін тиімді және талаптарға сай орта құру;
- dōTERRA Адалдықты ынталандыру бағдарламасын (LRP) енгізу;
- өнімді ілгері жылжыту және ынталандыру бағдарламаларын іске қосу.

Жиі қойылатын сұрақтар

Жиі қойылатын сұрақтарға жауаптарды қамтитын осы құжаттың мақсаты нарықтағы өзгерістер туралы хабардар ету және командаларымызды Қазақстандағы табысты жұмысқа дайындау болып табылады. Біз қажетінше жергілікті нарықтың шарттары мен талаптарына бейімделуді жалғастырамыз.

Компания Қазақстанда қашан жұмысын бастайды?

- Біз бета-тестілеуді 2024 жылдың шілдесінде аяқтап, операцияларды 2024 жылдың тамызында бастауды жоспарлап отырмыз, бірақ бұл күн өзгеруі мүмкін. Біздің жаңа нарықтарды дамыту жөніндегі командамыз жұмысты бастау мерзіміндегі кез келген өзгерістер туралы уақтылы хабарлауға бар күшін салады. Сіздерді түсінгеніңіз, қолдағаныңыз және барлық жаңалықтар мен өзгерістер туралы командаларыңыздың мүшелерін хабардар еткеніңіз үшін алғыс айтамыз. Қазақстанда жұмысты бастау мерзімдері туралы сұрақтар бойынша, сондай-ақ басқа да сұрақтар бойынша жаңа нарықтарды дамыту жөніндегі командамызбен nmd@doterra.com электрондық поштасы арқылы байланыса аласыздар.

Қазақстан нарығында аккаунттардың қандай түрлері қолжетімді болады?

- Қазақстанда аккаунттардың келесі түрлері қолжетімді болады: «Велнес Консультант», «Артықшылықты Сатып алушы» және «Бөлшек Сатып алушы».

Шетелдік Велнес Консультанттарға Қазақстанда өнімді сатып алуына бола ма?

- Қазақстаннан тыс нарықтарда аккаунттары бар Велнес Консультанттар клиенттерді қолдау қызметі арқылы dōTERRA Қазақстанда тапсырыс бере алады. Алайда бұл тапсырыстар тек Қазақстан аумағында жеткізілуі мүмкін.

Қазақстанда қызмет басталған сәтте қандай өнімдер қолжетімді болады?

- Басында назарларыңызға ЕАЭО-да тіркелген, қазақ тілінде таңбаланбаған өнімдерді ұсынамыз. Ассортиментке эфир майлары, қоспалар, тағамдық қоспалар, аксессуарлар кіреді. Кейін біз өнім портфелін косметикалық және басқа да өнімдермен толықтырамыз.

Біздің Қазақстандағы қызметіміздің басында өнім желісі шектеулі болуы мүмкін екенін ескеріңіз. Нарық дамыған сайын біз жаңа өнімдерді қосамыз.

dōTERRA Қазақстан тіркеу жинақтарын ұсынатын және Велнес Консультанттар мен Артықшылықты сатып алушылардың аккаунттарын тіркеу үшін жарна алатын бола ма?

- Біз басқа нарықтарда әдеттегідей тіркеу жинақтарын ұсына отырып, жұмысқа кірісеміз. Сонымен қатар Велнес Консультанттар мен Артықшылықты Сатып алушылар аккаунт жасау және өнімді жеңілдікпен сатып алу үшін тіркеу жинағына тапсырыс берудің орнына тіркеу жарнасын төлей алады. Тіркеу жарнасының сомасы: 8,940.00 ₸

Өнім қандай бағамен ұсынылатын болады?

- dōTERRA компаниясы өзінің жоғары сапалы өнімдерін қолжетімді бағамен ұсыну үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Жергілікті нарықтардағы бағалар өнімді импорттау мен жеткізуге, сондай-ақ жергілікті жерлерде коммерциялық қызметті қолдауға арналған шығындарды қамтитын бірқатар факторларды ескере отырып белгіленеді. Импортқа, операциялық қызметке, нормативтік-құқықтық талаптарды сақтауға кететін шығындар, сондай-ақ басқа да шығындар нарықтан нарыққа қарай өзгереді және жергілікті бағаға әсер ететін болады.

dōTERRA компаниясы Қазақстанда жұмысын басталғанға жақын өнімдерге прайс-лист жариялайды.

Қазақстанда сатуға арналған өнім қалай тіркелетін болады?

- Әр елде эфир майлары нарығын реттейтін өз ережелері және олардың әртүрлі қасиеттері туралы мәлімдемелер бар. Қазақстан нарығына арналған өнімдер негізінен хош иісті және косметикалық құралдар мен тағамдық қоспалар ретінде тіркелетін болады.

Велнес Консультанттарға комиссиялық сыйақы қалай төленеді?

- dōTERRA компаниясы dōTERRA Қазақстан ЖШС-мен шарт жасасқан Велнес Консультанттарға қаражатты шотқа тікелей аудару (банктік аударым) жолымен комиссия төлейтін болады. Қызметті бастар алдында барлық Велнес Консультанттардың

жаңартылған банктік деректемелерін беруге мүмкіндігі болады.**dōTERRA компаниясы жеке куәлікті немесе төлқұжат деректерін сұратуды жоспарлай ма?**

- ҚҚС төлеушілер ретінде тіркелген жеке тұлғалар өздерінің жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) көрсетуі тиіс. ҚҚС төлеуші ретінде тіркелмеген жеке тұлғалар Қазақстан нарығында Т.А.Ә., мекенжайын, туған күнін және байланыс ақпаратын көрсете отырып, аккаунт жасай алады. Қаражатты тікелей есептеу үшін банк деректемелері көрсетілетін формаларды толтыру кезінде жеке басын куәландыратын құжат қажет болады.

Көшбасшылар үшін қандай маркетингтік материалдар мен ресурстар қолжетімді болады?

- Жергілікті нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестікті қамтамасыз ету үшін көптеген dōTERRA маркетингтік материалдары мен ресурстары қайта қаралуға жатады. Біз кейбір негізгі корпоративтік материалдарды пайдалана отырып, жұмысқа кірісеміз және нарық дамыған сайын материалдарды қосатын боламыз.

Нақты материалдарға қатысты ұсыныстар немесе сұрауларды мына мекенжайға жіберуге болады:
nmd@doterra.com.

dōTERRA компаниясының веб-сайты мен материалдары қай тілде беріледі?

- Қызметті бастағанға дейін веб-сайт парағы мен негізгі материалдар орыс тілінде болады. Қосымша тілдік қолдау сұрауларын мына мекенжайға жіберуге болады: nmd@doterra.com.

dōTERRA компаниясы Қазақстанда кеңсе ашуды жоспарлай ма?

- Компания Қазақстан нарығында кеңсе ашпай өз қызметін бастайды. Алайда нарық өскен сайын біз кеңсе ашуды қарастырамыз.

dōTERRA компаниясы Қазақстанда Адалдықты Ынталандыру Бағдарламасы мен басқа да акцияларды ұсынатын бола ма?

- Жұмысқа кіріскеннен кейін біз «Айдың өнімі», «Тауарларға 10% жеңілдік» сияқты стандартты ай сайынғы акцияларға қосымша Адалдықты Ынталандыру Бағдарламасын, сондай-ақ басқа да акцияларды ұсынамыз.

Қазақстанда негізін салушылар клубы ашыла ма?

- Иә, біз «Негізін салушылар клубы» бағдарламасына біліктілік ашуды жоспарлап отырмыз. Біліктілік басқа нарықтардағы «Негізін салушылар клубы» бағдарламасында қолданылатынға ұқсас болады, дегенмен мәртебе мен орындар саны сияқты нақты мәліметтер әлі анықталған жоқ.

Қазақстан нарығының ашылуына орай іс-шаралар өткізу жоспарлануда ма?

- Іс-шаралар компания қызметін бастағаннан кейін өтеді. Қосымша ақпарат кейінірек жарияланады.

Қазақстандағы жоба туралы қосымша ақпаратты қайдан алуға болады?

- Осы немесе басқа нарықтардағы қызметті бастауға байланысты сұрақтар бойынша мына мекенжайға жүгіне аласыз: nmd@doterra.com. Жоба іске асырылуына қарай жаңа нарықтарды дамыту жөніндегі команда бета-тестілеу және жұмысты бастау туралы толығырақ ақпаратты электрондық пошта арқылы беретін болады.

Қазақстанда Велнес Консультанттарға арналған қолдау қызметінің арнайы байланыс ақпараты бар ма?

- Сіз Қазақстандағы клиенттік қолдау қызметіне KAZ@doterra.com электрондық поштасы арқылы немесе +7-727-312-10-19 и 8-800-100-23-23 телефон нөмірлері арқылы хабарласуға болады
- Сонымен қатар Қазақстанда жобаға жетекшілік ететін жаңа нарықтарды дамыту жөніндегі командамызбен байланысу үшін nmd@doterra.com, мекенжайына электрондық хат жіберуге болады.
- Қазақстандағы клиенттерді қолдау қызметі дүйсенбіден жұмаға дейін Гринвич бойынша сағат 11:00-19:00 аралығында дейін қолжетімді болады.

dōTERRA Қазақстан әлеуметтік желілерін қайдан табуға болады?

- Тамыз айының соңына дейін біз төменде көрсетілген платформаларға контентті орналастыруды жоспарлап отырмыз:

Telegram: <https://t.me/doterrabusinesskz>

Instagram: <https://www.instagram.com/doterra.kz.official>

YouTube: <https://www.youtube.com/channel/UCu7xbQkPaWNKo1wW9Q-35SA>

Тапсырыстарды жеткізу қалай жүзеге асырылады?

- Жеткізуді Spark компаниясының курьерлік қызметі жүзеге асырады. Тапсырыс мекенжайдың қашықтығына байланысты 2 күннен 10 күнге дейін уақытта жеткізіледі. Жеткізу құны 2500 ₸ құрайды. Тапсырыс күйін <https://spark.kz/otsledit-zakaz> сілтемесі арқылы бақылай аласыз

Ресейден Қазақстанға жеткізу 1.10.2024 бастап тоқтатылады. Бұл ретте аккаунтты Қазақстанға ауыстырғаннан кейін де, сіз GAC нарығында қолдау қызметі арқылы тапсырыс бере аласыз.

Аккаунтты Қазақстан нарығына ауыстыру нұсқаулары

<https://media.doterra.com/kz/ru/brochures/account-migration-guide.pdf>